

Ата-аналарға арналған жаднама «Баланы терезеден құлаудан қалай қорғауға болады»

Назар аударыңыз! Құрметті аналар мен әкелер, аталар мен әжелер! Балалардың терезеден құлау жағдайлары жиілеп кетті! Сіздерге қарапайым ережелерді ұсынамыз, олардың орындалуы үйіңізді бала үшін қауіпсіз етеді. Бұл ережелер өте қарапайым! Балаларымызды бірге қорғайық!



Кішкентай балалар әрқашан ересектердің бақылауында болуы керек.

Бала үйде болғанда, барлық терезелер жақсы жабылуы қажет.

Жиһазды терезелерден алыстау қойыңыз: балалар көбінесе терезенің алдына шығуға тырысады.

Терезелерге арнайы бекіткіштерді орнатыңыз: сонда бала терезені аздап қана аша алады.

Балаңызбен терезенің жанында немесе балконда тұрғанда оны мықтап ұстаңыз.

Бала балконға тек қана ересек адаммен шығуы тиіс.

Терезені жоғарғы жағынан ашыңыз – бұл ыңғайлы және қауіпсіз.

Бұғаттаушы құрылғыны немесе терезенің кілті бар құлыпты тұтқасын пайдаланыңыз.

Балкон мен бөлмеаралық есіктердің алдындағы жерде жарақаттану қаупі болғандықтан, ол жерге заттар қоймаңыз.

**БАЛАЛАРДЫҢ ТЕРЕЗЕЛЕР МЕН ЕСІКТЕРДІҢ
ЖАНЫНДА ОЙНАУЫНА ТЫЙЫМ САЛЫҢЫЗ.**